

ӘОЖ 3:32.019:94

С. Мұсатаев, А. Балкеев*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: b.s.almas@mail.ru

Жаһанша Досмұхамедовтың қоғамдық қызметі мен саяси идеялары

Мақалада отандық зерттеушілердің еңбектері мен тарихи деректерге сүйене отырып Жаһанша Досмұхамедовтың атқарған қоғамдық және мемлекеттік қызметтері сондай-ақ, саяси көзқарастары саясаттанулық тұрғыда талданады. Батыс Алаш Орда үкіметінің төрағасы болған Жаһанша Досмұхамедов ұлт қайраткері ретінде әлі толық бағасын алған жоқ, оның мұрасы саяси ғылым тұрғысынан әлі жеткілікті зерттелмеген. Жаһанша Досмұхамедов заңгер, қоғам қайраткері, мемлекеттік лауазымды тұлға, құқықтанушы-педагог, ұлт азаматы бола отырып, туған халқы алдындағы жауапкершілікті терең түсінген, халқының мұң-мұқтажын сезіне білген, ұлттық мүдде жолында, қазақ мемлекеттілігін құру үшін күрескен. Мақалада оның қайраткерлігі, ел болашағын ойлап, ұлттың сақталуы үшін мемлекеті болуы керектігі туралы идеялары, федерация құрамындағы автономды демократиялық республика болуы маңызды екендігін көрсеткендігі айтылады.

Түйін сөздер: Жаһанша Досмұхамедов, мемлекеттілік, ұлттық мүдде, Алаш Орда, алаш, федерация, автономия, демократиялық республика, ұлт тағдыры.

S. Musataev, A. Balkeev

Public activities and political ideas Zhahanshy Dosmukhamedov

In the article the political analysis of public and state activities as well as political views Zhahanshy Dosmukhamedov based on historical sources and works of local researchers. Heritage Zhahanshy Dosmukhamedov as chairman of Western Alashorda still not widely appreciated, his case need to be studied from the point of view of political science. Zhahansha Dosmukhamedov being a lawyer, a social worker, a public official, teacher, jurist, son of his people deeply understand the responsibility before the people really realize their aspirations, fought for national interests and the creation of the state of the Kazakhs. The article discusses his work, the idea of preserving the national identity, the future structure of the state, the importance of creating an autonomous democratic republic within the federation.

Key words: Zhahansha Dosmukhamedov, state, national interest, Alash Orda, Alash, federation, autonomy, democratic republic, the fate of the nation.

С. Мұсатаев, А. Балкеев

Общественная деятельность и политические идеи Жаһаншы Досмұхамедова

В статье проведен политологический анализ общественной и государственной деятельности, а также политических взглядов Жаһаншы Досмұхамедова на основе исторических источников и трудов отечественных исследователей. Достояние Жаһаншы Досмұхамедова как председателя Западной Алашорды до сих пор не получило должной оценки, его дело недостаточно исследовано с точки зрения политической науки. Жаһанша Досмұхамедов, являясь юристом, общественным деятелем, государственным должностным лицом, педагогом-правоведом, как сын своего народа глубоко понимал ответственность перед народом, осознал их чаяние, боролся за национальные интересы и создание государственности казахов. В статье рассматривается его деятельность, идеи о сохранении национального облика в будущей структуре государства, важности создания автономной демократической республики в составе федерации.

Ключевые слова: Жаһанша Досмұхамедов, государственность, национальный интерес, Алаш-Орда, алаш, федерация, автономия, демократическая республика, судьба нации.

Алаш арыстары қазақ ұлтының мемлекеттілігін құру мұратына қызмет етіп, өз елінің игілігі үшін жандарын пайда қылғанына өткен тарих куә. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Ресей Империясы мен сол империяның боданы болған қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отарлау саясатының күшеюімен ерекшеленді. XIX ғасырдың аяғындағы атышулы П.А. Столыпин заңынан кейін крепостнойлықтан босаған орыс шаруалары қазақ жеріне жаппай көшіріліп, қоныс аударушы орыс-казак шаруаларына жергілікті қазақтардың шұрайлы жерлерін патша әкімшілігі зорлықпен тартып әперді. Мұндай әділетсіздік сол кезеңдегі көзі ашық, ұлттық сана-сезімі оянған қазақтың зиялы азаматтарының наразылығын туғызып, ұлт-азаттық қозғалысына серпін берді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүдде үшін күресін отандық тарихшылар мен саясаттанушылар зерттеуді қолға алды. Отандық ғалымдардың ерен еңбегінің арқасында атқарған саяси қызметтері мен салиқалы саяси идеялары көп бірқатар Алаш зиялыларының мұрасымен туған халқы танысып, қауышты. Алайда, тарихтың ашылмаған «ақтаңдақтары» әлі де жетіп артылады. Өз заманында қоғамдық-саяси қайраткер ретінде ел-жұртқа танымал болса да, бүгінгі таңда тиісті баға берілмей, саяси қызметтері мен көзқарастары жеткілікті зерттелмей отырған нар тұлғалар әлі де бар. Зерттеу жұмыстарында аты көп аталса да, арнайы зерттелмей келген Алаштың нар тұлғаларының бірі, Батыс Алаш Орда үкіметінің төрағасы болған Жаһанша Досмұхамедов болып табылады. Назар аударар кетерлік мәселе – Жаһанша Досмұхамедовтың есімі түрлі деректерде түрліше аталады: бірінде Жанша, екіншісінде Жианша, үшіншісі Джанша, енді біреуі Жиганша дейді. Негізі, оның азан шақырып қойған шын аты – Жаһаншах екен. Тағы бір қалыптасқан дұрыс емес пікір – Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар ағайынды адамдар деген көзқарас. Шындығына келсек, бұл екі қайраткердің тектері ғана ұқсас, бірақ ағайындылар емес. Жаһанша Халел Досмұхамедов 1883 жылы бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау өңірінің Тайсойғанында, қазіргі Қызылқоға ауданында дүниеге келсе, Жаһанша Досмұхамедов 1887 жылы Орал өңіріндегі Жымпиты ауданының (қазіргі Сырым) Бұлдырты ауылында (бұрынғы Ілбішін уезінің Бұлдырты болысында №1 ауылда) дүниеге келген. Ауыл мектебінен хат таны-

ған ол Жымпитыдағы бір сыныптық болыстық орыс-қазақ училищесінде білім алды. Оқушылардың арасында алғырлығымен көзге түскен Жаһаншаға ұстаздары Оралдағы реальдық әскери училищеге түсуге бағыт береді. Бұл оқу орнына түсуге Бұлдырты болысы Ақшолақ деген есіммен халық арасына белгілі болған Мұхамеджан Сарықожин көмектескен [1]. Орал реалдық әскери училище 1890-1891 жылдары қалыптасып, әскери және қазыналық қаражатпен қамтамасыз етілді. Онда ашылған алғашқы жылдары 19 оқытушысы мен 287-дей оқушылары болды және казак балалары тегін оқыды. Бастапқы кездерде Жаһанша әскери училищенің дайындық курсына ілігіп, оны аяқтағаннан соң бірінші курсқа тапсырып, училищенің курсанты атанады. Бұл оқу орнында онымен бірге кейін ұлт зиялыларының қатарын толықтырған азаматтар білім алды. Олардың арасындағы Халел Досмұхамедов, Ғұбайдолла Бердиев, Нұрғали Ипмағамбетов, Бақтығали Бейсенов және басқа азаматтар кейін Алаш партиясына мүше болып, батыс өңірде Алашорда үкіметін құруға белсене ат салысты. Жаһанша Досмұхамедұлы аталған училищені 1904 жылы үздік бітіреді. Оның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына осы оқу орны тікелей әсер етті, себебі училищеді Ресейдің жоғарғы оқу орнын бітірген білікті ұстаздар дәріс беріп, оқушыларды елде болып жатқан саяси оқиғалармен таныс болуларына ықпал жасаған болатын.

1905 жылы Ж. Досмұхамедұлы оқуын жалғастыруды көздеп, ол сол кездегі белгілі қоғам қайраткері, заңгер Бақытжан Қаратевтың ақылымен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсуге бел байлайды. Бұл кездерде Орал өңірінде қазақ зиялылары патша саясатына қарсы бой көтере бастаған еді. 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында конституциялық-демократиялық (кадет) партияны құруға талпынған қазақтардың жалпы съезі болып, оған сол кезде халық арасына танымал болған Б. Қаратаев, Ғ. Бердиев, М. Бақтыгереев, И. Тоқбердиев, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов, М. Мұқанов, Ғ. Рақымбердиев, Ү. Дүйсембин бұл партияға мүше болып кіреді. Либералдық бағыттағы кадет партиясын құру және оның негізгі көздеген мақсаты 1906 жылы татар тілінде жарық көрген «Әл-ғасыр-ул-жәдид» журналына жарияланған бағдарламаларында айқын көрсетілді. Онда азаматтардың негізгі еркіндіктері (заң алдында тең болу, діни сеніміне кеңшілік беру, еркін сөйлеуге, бас қосу, жиналыстар

өткізуге, шетелге шығуға, ана тілінде сөйлеуге ерік беру), халықтың өзін-өзі билеуі, сот, дін, жер, алым-салық, оқу мәселелері және партия жарғысы қарастырылды [2]. Бұдан кейін партия мүшелері Мемлекеттік Думаға депутат сайлау мәселесіне орай әрекет етіп, партияның мәжілісі өткізуге талпынған еді.

Ж. Досмұхамедұлы осындай елде болып жатқан өзгерістерді көзімен көріп, елдің зиялы азаматтарымен етене араласа отырып, ұлт зиялыларына қатысты, нақтылай айтқанда патша үкіметі тарапынан көрсетіліп жатқан қысым, жазалау барысынан да хабардар болды. Олардың ақылын тыңдай жүріп, 1905 жылдың күзінен бастап Оралдағы жоғары оқу орнына түсетін даярлық курсына білімін жалғастырып, оны аяқтаған соң, 1906 жылдың 22 тамызында императорлық Мәскеу университетінің ректорына өзінің Орал әскери реалды училищесін бітіргенін және Орал облыстық басқармасының стипендианты екенін хабарлап, университеттің заң факультетіне оқуға түскісі келетінін білдірген өтініш жазады. Оның бұл өтініші осы жылдың тамыз айында қанағаттандырылып, аталған 1906 жылы университетке оқуға қабылданады. Сөйтіп, 1906-1910 жылдар аралығында ол заң факультетіне оқып, заң ғылымының қыры мен сырын терең меңгеріп шықты және саяси жағынан шыңдала түсті.

Студенттік кезінде өзімен қатарлас Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағанбетов, Ғ. Бердиев және т.б. замандастарымен тығыз байланыста болып, олармен сол кездегі болып жатқан түрлі саяси жағдайларды бірге талқылады. 1910 жылы университетті үздік бітірген Жаһанша туған жеріне қайтып оралуды мақсат тұтты. Алайда оған көздегеніне бірден жетуге мүмкін болмады, себебі, патша өкіметі бұрата халықтан шыққан оқығандарды өз отанында қызмет етуге тыйым салған Ағарту министрлігінің заңын шығарып қойған еді. Осыған байланысты, Ж. Досмұхамедұлы өз қызметін Қазақ өлкесін зерттейтін Қоныстандыру Басқармасында статист болып бастауға тура келді. XX ғ. басында шенеуніктердің бұратана аталған халықтарға көрсетіп отырған қысымшылығы мен орыс тілін білмеуі қазақтардың алға жылжуына қолбайлау болды. Әсіресе, қабылданып жатқан Заңдардың қазақ мүддесіне лайық болмауы аса қиыншылық туғызды. Жаһанша осы жағдайды көре білді. «Уральский листок» газетінің үш санына «Несколько слов о киргизском (казахском) обычном праве и народном суде» атты бұратаналарға қатысты кейбір заңдар-

ды сынға алған мақала жариялайды. Сол үшін 1910-1913 жылдары Орал облысының губернаторы болған генерал Н.В. Дубасов Ж. Досмұхамедұлының губернияда тұруына тыйым салады. Осылайша, 23 жасар Жаһанша саналы өмірге басқан алғашқы қадамын диссиденттікпен, елден өзгеше ойлайтын саяси қайраткерлікпен бастайды.

Жаһанша Досмұхамедов феноменінің ерекшелігі – ол өз жұртының қорғаушысы, саяси жетекшісі ретінде қызметінің мейлінше айқын бедерленуінде. Жаһанша Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қалыптасуының үш рухани негізі бар. Біріншіден, ол еркіндікпен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Саяси көзқарасының қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, қазақ тарихындағы ақын-жыраулардың, ұлы Абай Құнанбайұлының, Ш. Уәлихановтың және өзінің замандас Алаш қайраткерлерінің ықпалы болды.

Екіншіден, озық ойлы Еуропа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ж. Досмұхамедов сияқты ірі саяси тұлғаның қалыптасуы мүмкін емес еді. Оның идеялық ұстанымын айқындауда Ұлы француз революциясы мен американдық демократтардың көзқарастары (федералистер А. Гамильтон, Дж. Медисон, Дж. Вашингтон, республикандықтар Т. Пейн, Т. Джефферсон, Б. Франклин) сондай-ақ, көрші жатқан орыс еліндегі азаттық қозғалысының тигізген әсері.

Үшіншісі, өзінің атамекен туған жері мен туған халқының мұң-мұқтажы, яғни, ұлттық мүдде. «Менің қоғамдық-саяси қызметім тұңғыш рет 1910 жылы көрініс тапты, – деп жазыпты Ж. Досмұхамедов 1930 жылы ОГПУ тергеушісіне берген көрсетілімінде өз қолымен, мен университет бітіргеннен соң Орал болысына келіп, Орал қаласында орыс тілінде жарық көріп тұрған «Уральский листок» («Орал паракшасы») газетіне, қазіргі Қазақстан аумағына ішкі Ресейден шаруаларды жүйесіз көшіріп әкеліп қоныстандыруға қарсы бірнеше мақала шығарған болатынымын. Осы мақалаларым үшін мені Орал губернаторы облыстық басқармада (оқыған уақытымда алып тұрған) стипендиялар өтеуіне қызмет ету құқымынан айырды» деп көрсеткен [3]. Ж. Досмұхамедовтың азамат ретінде қалыптасқан кезеңі – қоғам өмірі саяси толқуларға, соғыстар мен төңкерістерге толы XX ғасырдың басы болатын.

Ж. Досмұхамедовтың ойынша, кез келген мемлекеттіліктің негізгі шарттары ұлт, мемлекеттік тіл, территория, тарих және мәдениет,

салт-дәстүр географиялық өмір сүру ортасына сай қалыптасқан ұлттық шаруашылық сияқты этникалық факторлар болып табылады. Алайда ол қазақ ұлтының дербес мемлекет құру әлеуеті әлі толық еместігін сезді, ХХ ғасыр басында қазақ халқы толық сауаттылыққа қол жеткізбеген болатын, мемлекет негізін құрайтын экономика мен инфрақұрылым да әлсіз болатын. Ең бастысы – Ресейге бодан болған екі ғасырлық кезең қазақтардың бойында отарлық сана-сезімді қалыптастырды. Егеменді мемлекеттілік құруға осындай толып жатқан факторлар кедергі келтіретінін шынайы әрі сыншыл ой елегінен өткізген Ж. Досмұхамедов өз заманындағы қазақтар үшін мемлекет құрудың федералистік үлгісі оңтайлы болар деген тоқтамға келген. Нақты айтсақ, қазақтарға кең ауқымды территориялық-ұлттық автономия берілетін Ресей құрамындағы федеративтік демократиялық республика құру керек деген ұстанымда болды. Ол үшін Ресей Империя емес, республикалық басқару формасындағы федеративтік мемлекет болуы тиіс. Сөйтіп, федерацияны құрайтын автономдық республикалар мен аймақтарға тең құқықтылық принципін кепілдік беруі тиіс, сондай-ақ, олардың дербес, яғни, автономды ұлттық-территориялық бірлік болуы қамтамасыз етілуі керек. Ж. Досмұхамедов ұсынған мемлекет формасы Ресей империясы құлап, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін билік басына В.И. Ленин бастаған Ресейлік социал-демократиялық жұмысшы партиясының большевиктік қанаты (РСДРПб), яғни, болашақ коммунистер партиясы келген соң нақты іс жүзіне асып, Ресей кеңестік федеративтік социалистік республикасы (РСФСР) құрылды. Бұдан Алаш қайраткерлерінің көрегендігін, салиқалы идеялары саяси шынайылықпен астасып жатқанын байқауымызға болады.

Бірінші орыс төңкерісі, I Дүниежүзілік соғыс, 1917 жылғы ақпан төңкерісі, сол жылы қазан айында болған большевиктердің төңкерісі қазақ ұлтының мемлекеттілік құруына бір жағынан оң әсер етсе, екінші жағынан қандай мемлекеттілік құрамыз деген қиын мәселені де туындатты. Алаш қайраткерлері мемлекеттілік құру мәселесін талқылау барысында бірауыздылыққа келе алмай, талас-тартыс қызды.

1917 жылғы 19 сәуірінде Орал қаласының цирк үйінде қазақ құрылтайы ашылып, бұл іс-шара төрт күнге созылды. Сол құрылтайдың төрағалығына бір ауыздан Жаһанша Досмұхамедов сайланған. Құрылтай Төрағасы ретінде ол өзінің шешендігімен, коммуникативтік жә-

не дипломатиялық қабілеттерімен халық өкілдері жиналысының дау-дамайсыз, тартымды өтуіне тікелей әсерін тигізді. Жанша Досмұхамедовтың ұсынуымен құрылтайда мемлекеттік басқарудың түрі туралы және Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарасты айқындау жайында мәселелер қарады. Жалпықазақ съезінің соңында қабылданған қаулы-қарарда мынадай негізгі тұжырымдар болды:

– монархизм – демократияны құлдықта ұстаудың символы, бір халықты екіншісіне айдап салудың қайнар көзі мәңгі жойылуы тиіс;

– қазақ халқы демократиялық республика идеясын қолдайды, ұлттық-территориялық федерация туралы мәселені әзірге ашық қалдырады;

– қазақ халқы соғыстан басқа халықтармен бірдей зардап шегуде, оның ұлдары да отан қорғау үшін шақырып алынған, олар тек қара жұмыс атқармауы тиіс;

– бүкіл әлемнің тыныштығына қауіп төндіріп тұрған герман милитаризмі жойылғанға дейін соғысу қажет;

– жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жария еткен жоғары адамгершілікті принципте, яғни аннексиясыз, контрибуциясыз бітім жасалуы тиіс, алайда бұл бітім талқандалған елдердің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіруді, ұсақ халықтарға өз тағдырын өзі айқындау құқын беруді және артынша барша мемлекеттердің қару-сыздануын ескеріп жасалуы керек;

– жария етілген бағдарламасын жүзеге асыруға және демократия мүддесін қорғауға қызметі бағыттталып тұрған шақта – уақытша үкіметке жан-жақты жәрдем көрсетілсін [4].

Ж. Досмұхамедов құрылтай шешімімен құрылған Орал облыстық қазақ атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Сонымен қатар, ол туған халқының зор сеніміне ие болып, 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өтетін Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып та сайланды.

1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезіне басқа да қазақ делегаттарымен бірге қатысып, мұсылман істерін басқаратын «Шуро-и-Ислам» комитеті төрағасының орынбасарлығына сайланады. «Шуро-и-Исламның» ісімен Мәскеуде біраз болады. Сол жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық сиезде Орал облысынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады.

1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде «Алаш» саяси пар-

тиясы құрылады, оның атқарушы комитеті сайланады. Оның жұмысына 6 облыстан – Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстары мен Бөкей ордасынан өкілдер қатысады. Кейінірек 10 бөлімнен тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалады, оның негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Мәні жағынан «Алаш» ұлтшыл емес, отаншыл партия еді, ол қазақ қоғамын бірте-бірте өзгерту жолын ұстанды. Ал дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлылық принципіне сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді.

Орынборда өткен алғашқы Жалпы қазақ съезі оның Орал облысынан мұсылмандар құрылтайына делегаттығын қуаттап, оны Киевте өтпек федерацияшылдар съезіне де делегат етіп сайлайды. 1917 жылғы мамырда Бүкілресейлік мұсылмандар съезі Ж. Досмұхамедұлын Бүкілресейлік «Шора-и-Ислам» комитеті (исполком мусульманской организации – Икомус) төрағасының орынбасары лауазымына сайлады. Одан кейін Жаһаншаһ 1917 жылғы қыркүйекте Уақытша үкіметтің жанынан құрылған Россия Республикасының Уақытша кеңесіне (Предпарламентке) мүше болып сайланады, құрылтайшы жиналыс туралы заң жасау жөніндегі ерекше мәжіліске – комиссия мүшелігіне енгізіледі. Ол 1917 жылғы жаздан қараша айының ортасына дейін Петербургте тұрып, осы қызметтермен шұғылданды. Ж. Досмұхамедұлы большевиктердің қазан төңкерісіне тікелей куә болған, толқыған Петербург оқиғаларын көзбен көріп, тікелей түйсінген саясаткер.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда екінші Жалпықазақ съезі өтті. Онда бірауыздан мақұлдау нәтижесінде жаңа ұлттық-территориялық бірлік – «Алаш» құрылатындығы жарияланып, оның құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Әмудария, Каспий облыстары мен Алтай губерниясы кіретін болды. Алаш Орданың үкіметі құрылып, оның Орталық комитетін Ә. Бөкейханов басқаратыны бірауыздан мақұлданды. Екінші Жалпықазақ съезінің басты қорытындысы Уақытша халық кеңесі құрылып, оның құрамындағы 25 адамның 10-ы қазақ емес ұлт өкілдерінен сайланатын болып келісіледі. Кеңес бүкіл қазақ қоғамындағы атқару билігін қолына алатын болды. Арнайы тармақ бойынша съезд қаулы қабылдап,

онда қазақтардың арасында тұратын басқа ұлт өкілдеріне азшылық құқығы берілетіндігі бекітілді. Алаштың барлық мекемелерінде барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері пропорционалды түрде қызмет ететіндігі жарияланады. «Алаш» мемлекетінің «Алаш Орда» мемлекеті заң шығарушы билік тармағына тәуелді болды.

Алайда автономияның декларациясын қабылдау мәселесіне келгенде зиялы қауымның көзқарасында екі бағыт туындады. Бірі Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер бастаған топ автономияны бірден жариялау қажеттігін ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған топ қазақы емес тұрғылықты халықтың пікірін анықтамайынша автономия жариялауды қоя тұру керектігін көрсетеді. Сонымен қатар, олардың ойынша, автономияны жариялау құқығы автономияның құрылтай жиналысында болып табылады. Осы мәселелер бойынша дауыс беруде қалыс қалғандар да болды, солардың бірі – М. Шоқай еді. Орын алған пікірталастың нәтижесінде Алаш-Орда үкіметі екіге қажырылып, Батыс және Шығыс Алаш Орданың туындады. Батыс Алаш Орданың төрағасы болып Ж. Досмұхамедов сайланса, Шығыс Алаш Орданың төрағалығына Ә. Бөкейханов сайланды.

Ж. Досмұхамедовтың қайраткерлік қыры II жалпықазақ съезінде тез арада автономияны құруды талап еткенінен байқалады. Алайда оны қолдаушылар аз болғандықтан бұл мәселе съезде қабылданбады. Дегенмен ол бастаған топ тез арада автономия құру мәселесін кешеуілдетілетін болса, Түркістан автономиясына қосылатындығын айқын түрде мәлімдеген. Ұзақ айтыс-тартыс нәтижесінде Ә. Бөкейханов басқарған съезд делегаттары мен Ж. Досмұхамедов басқарған Орал облысы мен Бөкей ордасының өкілдері Алаш автономиясын жариялауда ортақ келісімге келді. Қазақ астанасы мәселесінде де Ж. Досмұхамедов белсенділік танытып, мәдени орталықтардың бірі саналатын Ташкент қаласын бас қала қылуды батыл ұсынған болатын. Ә. Бөкейхановқа жақтас алашордашылардың көбі астанаға Семей қаласын лайық көрді.

Екінші жалпықазақ съезінде Ж. Досмұхамедов «Алаш Орда» Халық кеңесінің, яғни Алаш (Қазақ) автономиясы Үкіметінің (Алаштың Ордасының) мүшесі болып сайланды. Үкімет тұрақты жұмыс істемекке орнығу үшін құрылтай шешіміне сәйкес Алаш қаласына (Семей) көшетін болды.

Алашорда үкіметі Орынборда Семей қаласына қайтып, қызметтерін жалғастырса, ал Ала-

шорда үкіметінің мүшелері Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар Оралға оралып, автономия құру ісін қолға алды. Сол өңірдің ұлт өкілдері қатысқан Қаратөбеде өткен съезд барысында Батыс Алашорда үкіметін құру, әскер (милиция) жасақтау және оны қаржыландыру үшін алым жинау мәселесін қарастырып, осы жолда іске кірісті. Қаратөбеде өткен бұл съезд Батыс Алашорда үкіметін немесе «Ойыл уалаятын» құруға негіз болды.

1918 жылдың қаңтарында Орынборды қызылдар басып алды, ал ақпанда өткен Орал облысы қазақтарының екінші съезі Жаһаншаға Алаш автономиясын Мәскеудің тануы үшін халкомкеңеспен келіссөз жүргізуді тапсырды. Сондықтан ол құрамына Орал облыстық земство басшылары енген делегацияны бастап, орталық кеңес өкіметінің ордасы Мәскеуге қарай сапарға шықты. Мәскеуде Жанша Досмұхамедұлы Кеңестік Ресей Халық Комиссарлары Кеңесіндегі бірқатар басшы қызметкерлерінің қолдауына ие болды. Халық Комиссарлары Кеңесінің және Ұлт істері халық комиссариатының басшыларымен (В.И. Ленинмен және И.В. Сталинмен) ұлттық автономия жариялау жөнінде келіссөз жүргізді. Халкомкеңесте қажетті баяндамалар жасап, тиісті құжаттарды тапсырды, кеңес типімен қайта құрылғанға дейін Алаш-Орданың әдеттегі қызметін атқара беретіні жайында келісімге қол жеткізді. Келіссөздер барысында Алашорда жетекшілері кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болды. Дегенмен Алашорда автономиясы шеңберінде барлық қазақ жерлерін топтастыру, автономия қолында заң шығарушы және билік жүргізуші өкіметті шоғырландыру, даулы мәселелерді халықтың өзі сайлап қойған облыстық және уездік соттарға беру, Алаш әскерін құру, Алаш мүшелерін келешекте саяси қуғын-сүргінге ұшырауына тыйым салу және т.б. сияқты біршама талап-тілектерін өткір түрде Орталық Кеңестің алдына қоя білді [5].

Бірақ Кеңес өкіметінің талаптары орталық Алашорда үкіметінің ойынан шықпай, келіссөз тұйыққа тірелсе де, Ж. Досмұхамедов бастаған делегация Кеңес өкіметінің саяси-шаруашылық бағытында келісімге келу жолдарын іздестіріп, ақыры біршама мәселелерді шешуге қол жеткізді. Атап айтқанда, Орал қазақ земствосы және ХКК-мен екі жақты келісім-шартқа қол қойылды, орталық кеңес үкіметінен қаржы-қаражат алды, Ұлт істерімен айналысатын комиссариат жанынан қазақ бөлімін ашқызды. 1918 жылғы 1 сәуірде Халкомкеңес Жайық сырты земствола-

рының қызметін жалғастыра беруіне рұқсат еткен қаулы шығарады. Делегацияға қазақ басқару органдарының мұқтажына жұмсаулары үшін кеңес өкіметі көлемді қаржы бөлді. Қайтар жолда, 1918 жылғы 17 сәуірде оларды Саратов большевиктері тоқтатып, тұтқындамақ болады, сапарларының мән-жайына күдік келтіреді. Сонда Ж. Досмұхамедов совдептің атқару комитеті мәжілісінде бірнеше мәрте сөз сөйлеп, өздерінің Халкомкеңеске барған миссияларының мәнісін, онда атқарған жұмыстарын, Алаш-Орданың кеңес жолына қалай ауыстырылатын, оның жобасын баян қылады. Орал облысының қазақтарына, земстволық және қоғамдық ұйымдарына, лауазымды адамдары мен барлық азаматтарына үндеу мәтінін жазып, саратовтық большевиктерге таныстырады, үндеуді солардың көмегімен баспаханада бастырып, жариялайды, оны ұшақпен ақтар қоластындағы жерлерге жеткізіп, аспаннан тастатуға келіседі. Үндеуде Ж. Досмұхамедов Ресей большевиктік үкіметтің (халкомкеңестің) қазақ істері жөнінде комиссариат құруға, көп ұзатпай қазақ өлкесінің автономиясы туралы декрет шығаруға келісім бергенін айтып, халықты кеңес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет жасамауға шақырады. Ол үндеуін: «Естеріңізде болсын, қазақ бауырлар, сіздердің ұлттық тағдырларыңызды өздеріңіз айқындауға деген табиғи құқықтарыңызды тұңғыш рет еңбекшілердің кеңес өкіметі ресми түрде мойындап отыр, орыс пролетариатының осынау саяси тектіліккеңпейілдігін бағалай біліңіздер. Күлліқазақтық «Алаш Орда» Халық Кеңесінің мүшесі Дос-Мұхамедов», – деп аяқтайды [6].

Мәскеуден оралған Жаһанша мен Халелдің алдында екі жол тұрды. Оның бірі кеңес өкіметін толық мойындау болса, екіншісі, автономия жолында Орал казактарына сүйеніп күрес жүргізу еді. Олар екінші жолды таңдап алды. Ж. Досмұхамедовтың төрағалық етуімен 1918 жылы 18-21 мамырда Жымпитыда өткен Орал өңірі казактарының IV облыстық съезінде Жайықтың сырты бөлігін біріктірген «Ойыл уалаяты» құрылып, Уақытша үкіметінің төрағасы өзі, төрағаның орынбасары болып Х. Досмұхамедов сайланды. Бұл өкімет сыртқы күштермен ымыраға келу, ішкі күштермен ұлттық бірлікті сақтау саясатын ұстанды. Батыс алашордашылар кеңес өкіметін танымау және олардың билігіне бағынбау, Кеңестерді қалпына келтіруге тырысқандарға қарсы басқа саяси, қоғамдық ұйымдармен (кеңеске қарсы ұйымдармен) бірлесе күресу, кеңес үкіметіне күрес жүргізіп отырған Орал әс-

керіне қолдау көрсету, өзін-өзі басқаруға қолы жеткенге дейін казактармен бірге болатындығы жөнінде қаулы қабылдады [7].

Ж. Досмұхамедов 1918 ж. қыркүйек айында қазақ атқару комитеті атынан сол жылдың 8 маусымында құрылған Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетіне (Комучқа) мүше болып кірді. Бұл комитеттің құрамына Жаһаншамен басқа Алаш партиясынан А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, С. Дошанов, С. Қадырбаев, М. Шоқаев, Н. Ипмағамбетов, М. Тынышпаев, Ғ. Әлібеков, У. Танашевтар мүше болған. 1918 ж. 22 шілдесінде Жаһанша Комуч комитетіне Орал облысында Ойыл уәлаятының құрылғандығын және олармен тұрақты байланыс жасауға әзір екендігін білдірген. Алайда Ойыл уәлаяты үкіметінің қызметі ұзаққа бармады. 11 қыркүйекте Уфа қаласында Ә. Бөкейханов (төраға), Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, А. Бірімжанов, М. Тынышпаев сияқты Алаш Орда мүшелері қатысқан мәжілісі өтіп, мәжілісінің қаулысы бойынша «Ойыл уәлаяты» үкіметі таратылып, оның орнына Батыс Алаш Орда бөлімін құрылды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталып, төрағалығына Ж. Досмұхамедов сайланды. Осы кезден деректерде «Күнбатыс Алаш Орда» немесе «Алаш Орданың батыс бөлімі» деп аталып келеді. Батыс Алаш Орда үкіметінің қарамағына бұрынғы Ойыл уәлаятының жерімен қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе және Ырғыз уездерінің және Маңғыстау уезінің аумағы кірді.

Жаһанша басқарған Батыс Алашорда үкіметі Уфа кеңесімен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың кеңесіне, мәжілістеріне белсене қатысып отырды. Мәселен, 1918 ж. 8-23 қыркүйегінде өткен Директорияның Старейшиналар құрамында жұмыс істеп, Батыс Алаш мәселесіне қатысты мәселелерді шешуге тырысты. Ж. Досмұхамедов Алаштың атты әскерін (милиция) ұйымдастыруға көп күш жұмсады. Самарадағы Комучке жіберген жеделхатта Жаһаншаның 1918 ж. мамырда өткен съездің шешімімен келісе отырып, большевиктерге қарсы күресу үшін халық милициясын құруға кіріседі.

Ж. Досмұхамедов 1919 жылдың қарашасында Батыс бөлімшені бастапқыда Ойылға, кейіннен Қызылқоғаға көшіріп, өзі Жымпитыда қорғаныс комитетін құрып, сонымен бірге Жоғарғы сотқа төрағалық етіп, Батыс бөлімшенің әскери бөліміне басшылық жасады. Ол өздерін берілуін талап еткен большевиктердің талабына келісе қоймады. Батыс Алаш Орданы сақтап қалуға

ұмтылған Жаһаншаның әрекеті сәтсіз аяқталды. Ол еріксіз 1920 жылдың 12 қаңтарында кеңес уәкілдерімен бірлесе алашордашыларды кеңес билігіне көнуге шақырды. Осы жылдың 5 наурызында қазақ әскери ревкомының қаулысына сәйкес Батыс Алаш Орда бөлімі жойылып, оның басшылары Ж. Досмұхамедов бастаған белді мүшелері Ресейдің Москва қаласы мен басқа орталық губернияларына жер аударылды [8].

Жаһанша өзін дарынды ұйымдастырушы, басшы ретінде танытты. Саяси айыпталғанға шейін яғни 20-30 жылдары аралығында ол түрлі мемлекеттік және қоғамдық қызметтер атқарды. Сонымен қатар, ол білім беру ісі, құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениет қалыптастыру мәселесіне де ерекше назар аударған. Бұл тұрғыда қазақ жерінде прокурорлық қызметтің қалыптасуына ықпал етіп, қоғамдық өмірді заңды басшылыққа алу арқылы дамытуға үлес қосқан Ж. Досмұхамедовтың алатын орны ерекше. Ол 1924 жылы РСФСР Қылмыстық кодексін алғаш рет қазақ тіліне аударып, бұл құжатқа «РСФСР-дың жауыздық низамнамасы» деген қазақы ат берген. Ал 1926 жылы оның жетекшілігімен «РСФСР Қылмыс заңы» және «РСФСР Қылмыстық тексеру заңы» қазақшаға аударылып, баспадан жарыққа шықты. «Алаш Орда» үкіметінің Батыс бөлімшесінің төрағасы ретінде Ж. Досмұхамедов американдық үлгідегі демократиялық мемлекет құру идеясын жақтады, адамның бас бостандығы мен жеке меншігіне негізделетін индивидуализмді дамыта отырып, құқықтық-демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамның негізін салу идеясын ұсынды [3, 145]. Осылайша, заңгер Ж. Досмұхамедов қазақ тіліндегі заңнаманың жасалуына негіз салды, оның рухани мұрасын отандық заңгерлер әлі күнге дейін пайдалануда. Ж. Досмұхамедов адам құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттік құрылыс, федеративтік демократиялық мемлекет принциптері бойынша бірқатар мақалалар жазып, бұқара халықтың құқықтық сауаттылығын ашуға көп үлес қосқан.

.XX ғасырдың 20-жылдардан бастап «Алаш» партиясы мен оның жетекшілеріне, мүшелеріне қуғындау үрдісі орын алды. 1922 жылы үкімет пен партия ұлтшылдармен күрес жүргізуде қандай топтар мен жіктердің барлығын анықтау жөнінде нұсқаулар беріп, оларды орындауды Мемлекеттік Саяси басқарманың (ГПУ) қызметкерлері қолға алып, құпия түрде елдегі зиянкесті топтар жөнінде мәліметтер жинауға кірісті. Бұрын Алаш Ордаға мүше болған, кеңес өкіметі құрылған кезде коммунистік партия қатарына кіріп

алған алашордашылар қатарына Ж. Досмұхамедов та кірді. 1928 ж. «ұлтшылдықпен», «жікшілдікпен» күресу барысы кең түрде етек алып, 1929 ж. қазақ өлкелік комитеті мен БК(б)П өлкелік бақылау комиссиясының мүшелерінен арнайы тексеру комиссиясы құрылып, партия қатарындағы қызметкерлерді тексеру, комитеттер қатарына кіріп кеткен жау элементтерден тазарту барысы қарқынды жүргізілді. Сталиндік саясат «өзара сын» деген желеумен қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салды [9]. Осындай жала жабумен Ж. Досмұхамедов 1930 жылдың қазанында Мәскеуде экономика саласында жұмыс істеп жүрген кезінде тұтқындалады. Бастапқыда Бутырка түрмесіне қамалып, кейінірек Алматыға әкетілді. Оған сегіз айып тағылған, алайда олардың ешқайсысын да ол жауап алу барысында мойындамады. Бір жарым жылға созылған сот үрдісі оның кінәсіздігіне көз жеткізіп, 1932 жылдың 2 сәуірінде тұтқыннан босату жөнінде КСРО ОГПУ-на сұрау жіберілгенмен де, іс тоқтатылмай оны жер аудару турасында үкім шығарылады. Сөйтіп, Ж. Досмұхамедов үштіктің қаулысымен Воронеж қаласына еріксіз бес жыл мерзімге жер аударылды. Қаншама қуғын-сүргін көрсе де, ол қоғамдық қызметін тоқтатпай, Воронеждегі жоғары оқу

орындарының біріне орналасып, мерзімінің соңына дейін дәріс берді.

1937-1938 жж. ұлт зиялылары «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған кезде Ж. Досмұхамедов те саяси репрессиядан құтыла алмады. Оның Алаш Ордадағы қызметі, кеңестік билікке қарсы жүргізген әрекеттері НКВД назарынан тыс қалған жоқ. Тиісті мерзімін өтеп, Мәскеуге қайтып оралған қайраткер 1938 жылдың 1 маусымында екінші қайтара тұтқындалып, оған «астыртын контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның ұйымдастырушысы болды» деген айып тағылып, 16 маусымда ату жазасында бұйырылып, бұл үкім 1938 жылғы 3 тамызда жүзеге асты.

Ұзақ жылдар бойы «халық жаулары» деп саналып келген Алаш Орда мүшелерінің қоғамдық-саяси қызметі жайында айтуға, жазуға тыйым салынып келді. Тек оның қылмыстық ісі 1957 жылдың 2 желтоқсанында Москва қалалық сот Алқасында қаралып, оған тағылған барлық айыптар негізсіз деп табылып, 1958 ж. 28-ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен, ал еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды жаппай ақтау» турасындағы заңына орай толықтай ақталды.

Әдебиеттер

- 1 Мажитов Р.С. Жаханша Досмұхамедов. – Алматы: Арыс, 2007. – 216 с., 31-б.
- 2 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – Т. 1. – 552 б., -55-61-бб.
- 3 Асыл тұлға. Жаханша-Жаханша Досмұхамедов туралы. / Құрастырған А.Боранқұл, О. Жолды/. – Алматы: Жауһар, 2012. – Б. 52.
- 4 Мұсатаев С. Қазақстанның саяси ойы. – Алматы: PrintS, 2010. – 220 б.
- 5 Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құрастырған Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 544 б.
- 6 Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 136 б.
- 7 Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Таймас, 2009. – 412 с.
- 8 Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство «Айқап», 1992. – 192 с.
- 9 Смағұлова С. XX ғасырдың 20-30 жылдары «Алаш» мүшелерінің қудалануы // Отан тарихы. – 2007. – №4.

References

- 1 Mazhitov R.S. Zhakhansha Docmuhamedov. –Almaty: Aris, 2007. –216 p.
- 2 Alash khozgalisi. Khuzhattar men materialdar zhinagi. Sauri 1901 zh. – zheltocsan 1917 zh. – Almaty: Alash, 2004. – Т. 1. –552 p., -55-61-pp.
- 3 Asil tulga. Zhansha- Zhakhansha Docmuhamedov turali. / Khurastirgan A.Borankhul, O. zholdi. – Almaty: Zhauqar, 2012. –P. 52.
- 4 Musataev S. Khazakhstanin sajası oyi. – Almaty, PrintS, 2010. –220 p.
- 5 Alash. Alashorda. Энциклопедия / Khurastirgan G. Anes, S.Smagulova. –Almaty: Aris, 2009. –544 p.
- 6 Suleimenova D. Alashordaning Batis bolimining tarihi – olke tarihinin khuramdasi boligi. –Almaty: Aris, 2007. – 136 б.
- 7 Amanzholova D. Na izlome. Alash v etnopoliticheskoi istorii Khazakhstanı. – Almaty: Taimas, 2009. –412 p.
- 8 Alash-Orda: Sbornik documentov / Sost. N. Martinenko. –Almaty: Aikap, 1992. – 192 с.
- 9 Smagulova S. XX gasirding 20-30 zhildari «Alash» mushelerining khudalanui // Otan tarihi. – 2007. – №4.